



БЕКІТЕМІН

Бас директор

М.С.Абайдуллаев

« » \_\_\_\_\_ 2025ж.

## «Нархоз университетінің Экономикалық колледжі» мекемесінің құпия сөзді қорғау саясаты

### 1. Жалпы ережелер

Бұл саясаттың мақсаты – ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және колледж студенттерінің, оқытушылары мен қызметкерлерінің жеке деректерін қорғау үшін парольдерді пайдалану стандарттары мен ұсынымдарын белгілеу. Пароль саясаты Колледждің ақпараттық жүйесіне (корпоративтік Gmail поштасы, Active Directory, электрондық журнал Elex) рұқсатсыз қол жеткізу қаупін төмендетуге бағытталған.

Осы саясат колледждің корпоративтік желісінде пайдаланушылардың парольдерін қалыптастыру, пайдалану және өзгерту үдерістерін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді реттейді.

### 2. Пайдаланушылардың міндеттері

Колледждің ақпараттық жүйелерін пайдаланушылардың барлығы, соның ішінде студенттер, оқытушылар, қызметкерлер, сондай-ақ колледж жүйелеріне қолжетімділік алатын сыртқы пайдаланушылар парольді қорғау саясатының талаптарын сақтауға міндетті.

### 3. Парольдерге қойылатын талаптар

#### 3.1. Парольдің ұзындығы мен күрделілігі

Парольдардың ұзындығы кемінде 8 таңбадан және тіркесті қамтуы керек:

- үлкен және кіші әріптер;
- сан;
- арнайы таңбалар (мысалы, !, @, #, \$, % және т.б.).

#### 3.2. Парольдерде қолдануға тыйым салынған элементтер

Парольдерде пайдаланушының аты, туған күні, колледж атауы немесе кеңінен танымал сөздер мен тіркестер сияқты жеке деректер болмауы тиіс (мысалы, «пароль123», «123456», «qwerty»).

#### 3.3. Парольдің қолданылу мерзімі

Парольдер әр 30 күнде кемінде бір рет өзгертілуі тиіс.

#### 3.4. Бірегей парольдерді пайдалану

Әрбір аккаунт үшін басқа сервистерде немесе аккаунттарда қолданылмайтын бірегей пароль болуы тиіс.



#### **4. Парольдерді сақтау және қорғау**

##### *4.1. Парольдерді ашық түрде сақтауға тыйым салынады.*

Парольдер ашық түрде сақталмауы тиіс (мысалы, қағазда немесе қорғалмаған мәтіндік файлдарда).

Пайдаланушылар өз парольдерін басқа адамдарға хабарламауы керек. Қажет болған жағдайда қолжетімділік туралы ақпаратты беру үшін қауіпсіз деректерді беру арналарын (мысалы, шифрлау) пайдалану қажет.

#### **5. Парольді қалпына келтіру рәсімдері**

##### *5.1. Парольді қалпына келтіру*

Парольді қалпына келтіру қажет болған жағдайда, пайдаланушы Ақпараттық технологиялар бөліміне жүгінуі тиіс. Пароль пайдаланушының қатысуымен және оның жеке басын растайтын құжат болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі.

##### *5.2. Аккаунтты бұзаттау*

Парольді үш рет қате енгізгеннен кейін аккаунт уақытша 30 минутқа бұзатталады. Қайталанған әрекеттер болған жағдайда, қолжетімділікті қалпына келтіру тек Ақпараттық технологиялар бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

#### **6. Саясатты бұзғаны үшін жауапкершілік**

Осы Саясаттың талаптарын бұзу тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады, соның ішінде Колледждің ақпараттық жүйелеріне қолжетімділікті шектеу мүмкін.


#### **7. Қорытынды**

Парольді қорғау саясаты Колледждің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Стандарттарды сақтау студенттер мен қызметкерлердің жеке деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ колледждің ақпараттық жүйелеріне деген сенімді арттыруға көмектеседі.




**КЕЛІСІЛДІ:**

Бас директордың  
бірінші орынбасары

  
Қолы

Оспанкулов Ернур  
Ерденович

Бас директордың  
оқу-әдістемелік жұмыс  
жөніндегі орынбасары

  
Қолы


Жакупова Заураш  
Мухамеджановна

Бас директордың  
ақпараттық  
технологиялар  
жөніндегі орынбасары

  
Қолы

Мухсина Куралай  
Женисбековна

Оқу бөлімінің  
меңгерушісі

  
Қолы


Байталасова Кулсара  
Абдиманаповна

Мұрағат маманы

  
Қолы

Абдилова Балшакар  
Калижановна

Бағдарламалық  
қамтамассыз ету және  
компьютерлік  
аппаратура инженері

  
Қолы

Атықәева Айдана  
Жеңісқызы